

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Қосымша білім беру бағдарламалары бойынша қызмет көрсету ережелері	Ереже ІІІ-06-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.03.05 8 беттің 1-беті
---	---	---



Ғылыми кеңестің
«___» _____ 2022 ж.
шешімімен бекітілді
(№ _____ хаттама)

Қосымша білім беру бағдарламалары бойынша қызмет көрсету

ЕРЕЖЕЛЕРІ

ЕРЕЖЕ ІІІ-06-2022

Әзірлеген: ИПО басшысы

[Signature]

Қарағанды

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Қосымша білім беру бағдарламалары бойынша қызмет көрсету ережелері	Ереже ІІІ-06-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.03.05 8 беттің 2-беті
---	---	---

Мазмұны

1 Қолдану саласы	3
2 Нормативтік сілтемелер	3
3 Терминдер, анықтамалар және қысқартулар	3
4 Жалпы қағидалар	4
5 Жауапкершілік және өкілеттіктер	4
6 Рәсімнің сипаттамасы	5
7 Келісу және қолданысқа енгізу	9
8 Құжатқа өзгерістер енгізу	9
9 Сақтау	9
А қосымшасы Келісу парағы	10
Б қосымшасы Танысу парағы	11

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Қосымша білім беру бағдарламалары бойынша қызмет көрсету ережелері	Ереже ІІІ-06-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.03.05 8 беттің 3-беті
---	---	---

1. Қолдану аймағы

1. Осы Қосымша білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызметін көрсету ережелері (бұдан әрі - Ережелер) біліктілікті арттыру курстарын (қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді), семинар-тренингтерді өткізу жөніндегі талаптарды белгілейді.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы Ережелерде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:
ҚР СТ ISO 9000:2017 (ISO 9000: 2015) «Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік»;
ҚарТУ ҚР V-01 «Құжатталған ақпаратты басқару».

3 Терминдер, анықтамалар мен қысқартулар

3.1. Осы Ережелерде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- біліктілікті арттыру курсының академиялық сағаты - 45 минутқа созылатын дәріс немесе практикалық сабақ;
- біліктілікті арттыру курстарына тапсырыс беруші - білім беру қызметтерін алу қажеттілігін білдірген жеке немесе заңды тұлға;
- біліктілікті арттыру - кәсіптік қызметтің сапасын арттыру үшін бұрын алған кәсіптік білімдерін, іскерліктерін, дағдылары мен құзыреттерін қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге, жаңадан білім алуға мүмкіндік беретін кәсіптік оқыту нысаны;
- сертификат - қосымша білім беретін білім беру бағдарламасының табысты меңгерілгенін растайтын белгіленген үлгідегі құжат;
- тыңдаушы - біліктілікті арттыру курстарының бағдарламасы бойынша оқитын жеке тұлға;
- семинар-тренинг – тұлға аралық және кәсіби өзара іс-қимыл құзыреттілігін дамытуға негізделген практикаға бағытталған интерактивті оқыту нысаны;
- БАК - біліктілікті арттыру курсы.

4 Жалпы қағидалар

4.1. Біліктілікті арттыру мақсаты қоғамдағы қазіргі әлеуметтік-экономикалық үрдістерге, ғылым мен техниканың дамуына сәйкес өнеркәсіптік өндірістің басшы қызметкерлері мен мамандарының және педагог қызметкерлердің теориялық және практикалық білімдерін жаңарту болып табылады.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Қосымша білім беру бағдарламалары бойынша қызмет көрсету ережелері	Ереже ІІІ-06-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.03.05 8 беттің 4-беті
---	---	---

4.2 Оқу ұзақтығын университет тапсырыс берушілердің пікірін ескере отырып, білім беру бағдарламасына байланысты белгілейді.

4.3 Біліктілікті арттыру оқытудың мынадай түрлерін қамтиды:

- семинар-тренинг - 18-ден 36 сағатқа дейін;
- қысқа мерзімді – 36-дан 72 сағатқа дейін;
- орта жедел мерзімді -72-ден 108 сағатқа дейін;
- ұзақ уақыт - 108 сағаттан астам.

5 Жауапкершілік пен өкілеттілік

5.1 Осы Ережелер «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітіледі.

5.2 Осы Ережелерде көрсетілген процестерді енгізу мен басқаруға ИПО басшысы жауапты болады.

5.3 Осы ережелерді әзірлеу, келісу және бекіту процесін басқарушы әзірлеуші-бөлімшенің басшысы болып табылады.

6 Рәсімнің сипаттамасы

6.1. Біліктілікті арттыру курстары төмендегідей ұйымдастырылады:

- еңбек қызметінен қол үзбей (оның ішінде қашықтықтан оқыту нысаны бойынша);
- еңбек қызметінен қол ұзу немесе ішінара қол ұзу арқылы;
- жеке білім беру бағдарламалары бойынша.

6.2 Курстарды өнеркәсіп кәсіпорындарының мамандары, білім беру жүйесінің педагог қызметкерлері және өңір тұрғындары үшін біліктілікті арттыратын білім беру бағдарламаларын іске асыратын университеттің келесі құрылымдық бөлімшелері жүргізеді:

- Біліктілікті арттыру институты;
- Инженерлік педагогика орталығы.

6.3 БАК ұйымдастыру рәсімі

6.3.1 Тапсырыс берушінің қажеттіліктеріне сәйкес бейінді кафедраның БАК бағдарламасын әзірлеуі.

6.3.2 БАК тыңдаушыларының санын және академиялық сағаттардағы оқу ұзақтығын ескере отырып, университет бухгалтериясының БАК құнын айқындауы.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Қосымша білім беру бағдарламалары бойынша қызмет көрсету ережелері	Ереже ІІІ-06-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.03.05 8 беттің 5-беті
---	---	---

6.3.3 Бейінді кафедралардың/құрылымдық бөлімшелердің БАК өткізу туралы ақпаратты дайындауы және әлеуетті тапсырыс берушілерге таратуы.

6.3.4 Тапсырыс беруші мен университет арасында біліктілікті арттыру бойынша қызметтер көрсету туралы бейінді кафедралардың/құрылымдық бөлімшелердің шарттар жасасуды ұйымдастыруы.

6.3.5 Тапсырыс берушінің шартта көрсетілген сомаға сәйкес университеттің есеп айырысу шотына ақша қаражатын аудару арқылы БАК үшін төлемін жүзеге асыруы.

6.3.6 БАК ұйымдастыру және тапсырыс берушіні оқуға қабылдау туралы бұйрықты дайындау және шығару.

6.3.7 Бейінді кафедралардың/құрылымдық бөлімшелердің БАК жоспар-кестесін жасауы.

6.3.8 Біліктілікті арттыру институты/Инженерлік педагогика орталығының БАК бітіргені туралы бұйрықты дайындауы және шығаруы.

6.3.9 Біліктілікті арттыру институты/Инженерлік педагогика орталығының бейінді кафедраның курстарды өткізу және БАК бағдарламасын табысты игеру фактісі бойынша сертификаттарын дайындауы және беруі.

6.4 БАК тыңдаушыларының құқықтары:

– университеттің факультеттерінде, кафедраларында және басқа құрылымдық бөлімшелерінде болатын кәсіби қызмет мәселелері бойынша нормативтік, нұсқаулық, оқу және оқу-әдістемелік құжаттаманы, сондай-ақ кітапхананы, ақпараттық қорды, басқа бөлімшелердің қызметтерін осы мекеменің жарғысында белгіленген тәртіппен пайдалану;

– конференциялар мен семинарларға қатысу, мекеме басылымдарында жариялауға өз рефераттарын, ғылыми еңбектерін және басқа да материалдарын ұсыну.

6.5 Оқу жоспарын орындамаған кезде, сондай-ақ Ішкі тәртіп ережелерін өрескел бұзған кезде тыңдаушы университет басшысының бұйрығымен оқудан шығару себебі көрсетілген тиісті анықтама бере отырып, оқудан шығарылады.

6.6 Университеттің БАК ұйымдастыру жөніндегі қызметі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен және университет Жарғысымен реттеледі.

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ	Қосымша білім беру бағдарламалары бойынша қызмет көрсету ережелері	Ереже ІІІ-06-2022 Нұсқа 01 Күні 2022.03.05 8 беттің 6-беті
---	---	---

7 Келісу және қолданысқа енгізу

Осы Ережелерді келісу ЗБ бастығымен, сапа жөніндегі басшылық өкілімен жүзеге асырылады және «Келісу парағында» (А қосымшасында) ресімделеді.

8 Құжатқа өзгерістер енгізу

8.1 Ережеге өзгерістер ҚР заңнамасы және ішкі нормативтік құжаттар негізінде енгізіледі.

9 Сақтау

9.1 Бекітілген Қосымша білім беру бағдарламалары бойынша қызмет көрсету ережелерінің данасы Инженерлік педагогика орталығына және Біліктілікті арттыру институтына беріледі, ал түпнұсқасы сақтауға жіберіледі.

Бекітілген Ережелерді сақтауға жіберу жауапкершілігі Инженерлік педагогика орталығының басшысына жүктеледі.

Инженерлік педагогика орталығы мен Біліктілікті арттыру институтында Ережелердің көшірмесін сақтауға бөлімше басшылары жауапты болады.

